

**Мамандарды кәсіби
дайындаудағы
психологиялық-
педагогикалық
мәселелер**

**Психолого-
педагогические
проблемы
профессиональной
подготовки специалистов**

**Psychological-
pedagogical
problems of
professional training
of specialists**

ӘОЖ 37.013.42

¹Н.А. Асанов, ²Г.М. Ибраева*

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан, Алматы қ.
²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант, Қазақстан, Алматы қ.
*E-mail: gauhars71@mail.ru

**Құзыреттілік тұғыр негізінде әлеуметтік
педагог даярлау мазмұнын жобалау технологиясы**

Бұл мақалада авторлар құзыреттілік тұғыр негізінде әлеуметтік педагог даярлау мазмұнын жобалау технологиясын "Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану" мамандығы студенттеріне арнап даярланған "Әлеуметтік педагог даярлау мазмұны: құзыреттілік тұғыр аспектісі" атты элективті курс мазмұнын толығымен ашу арқылы қарастырады. Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін кейбір нәтижелерге тоқтала отырып, білім алушылардың өз бетінше талдауға, өз қызметіне мақсат қоюға, жоспарлауға, жинақтауға, қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге, сыни тұрғыдан шешім қабылдауға, қарым-қатынас диалогына қатысуға, баламалы өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі түсінуге, ақпаратты сұрақ қоя отырып жауап алуға, нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға және өз білімін өзгермелі жағдайда қолдана білуге үйретуіне көңіл аударылады. Әлеуметтік педагог даярлау мазмұнын жобалаудың белгілі мақсаты білім мазмұнын болашақ маманның кәсіби қызметіне қажетті мазмұнмен толықтыруда оның келесі құрамдас бөліктеріне мотивациялық, мазмұндық, технологиялық кезеңдеріне назар аударылады. Зерттеу барысында "Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану" мамандығының студенттеріне құзыреттілік тұғыр негізінде білім беру мазмұнының әдістемесі құрастырылды. Бұл әдістеме "Әлеуметтік педагог даярлау мазмұны: құзыреттілік тұғыр аспектісі" атты арнайы курс негізінде даярланды.

Аталған курс мамандықтың оқу жоспарына сәйкес, магистранттың ғылыми жетекшісі басшылығымен жасалған. Бұл курстың мақсаты студенттердің нәтижеге бағытталған білім және құзыреттілік тұғыр туралы білімдерін жүйелі қалыптастыру, олардың болашақтағы кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруін ұйымдастыру болып табылады. Курс бағдарламасын құру барысында авторлар әлеуметтік педагогика саласында және жалпы педагогика ғылымындағы құзыреттілік тұғырда білім мазмұнын жобалау бағдарында жазылған әлемдік және отандық ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, оқытушы жетекшілігімен студенттің өзіндік білім траекториясын жасауына жол ашады. Зерттеу нәтижесінде, әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындығы оның нақтылы жағдайда және белгілі бір объектіге байланысты, әлеуметтік-педагогикалық қызметте өзін-өзі танытуға деген ішкі дайындығымен анықталады.

Түйін сөздер: нәтижеге бағдарланған білім, құзыреттілік тұғыр, әлеуметтік педагог, күтілетін нәтиже, білім мазмұны, нәтижеге бағдарланған білім мазмұны, құзыреттілік тұғыр негізінде әлеуметтік педагог даярлау мазмұнын жобалау.

N.A. Asanov, G.M. Ibraeva

The technology of designing the content of the training of social teachers on the basis of competence approach

In the article the authors of the article considers the technology of designing the content of professional preparation of a social pedagogue through the disclosure of the contents of the elective course "the Contents of preparation of a social pedagogue: competence-based approach". Elective course has been prepared for students of the speciality 5B012300 – "Social pedagogic and self- cognition". This course has been prepared in the form of teaching-and-methodical complex of discipline in accordance with the educational plan of speciality, as well as on the basis of a study of master of modern achievements of social and pedagogical science. The research was conducted under the guidance of a supervisor.

The purpose of course is formation of system of knowledge, result oriented, and knowledge of the competence approach. The future social teachers also in the framework of the course should master their future professional competence. In the course of the study programme this course, the authors tried to focus the attention of prospective students on the understanding and design of the trajectory and structure of knowledge, recommended that the scientific literature of the modern level of development of the methodology of socio-pedagogical work.

Didactic principles of designing of the educational program of the course «the principle of science, communication theory with practice, succession, a systematic and others. The methodical principles of design – personal orientation, компетентного approach, the importance of self-reliance, self-consciousness and self-organization of training of students and another.

The content of the course was экспертировано practitioner's social workers. The experts particularly emphasized the necessity of formation of communicative компетенции have a social pedagogue, the ability to interact with the pupils ' parents, to search for ways of social assistance and social support to low-income families and children.

The structure of this article includes: introduction, «the Contents of preparation of a social pedagogue», «Practice of the expert poll social pedagogues» the conclusion.

Н.А. Асанов, Г.М. Ибраева

Технология проектирования содержания подготовки социальных педагогов на основе компетентного подхода

В статье авторами рассматривается технология проектирования содержания профессиональной подготовки социального педагога через раскрытие содержания элективного курса "Содержание подготовки социального педагога: компетентного подход". Элективный курс подготовлен для студентов специальности 5B012300 – "Социальная педагогика и самопознание". Данный курс подготовлен в виде учебно-методического комплекса дисциплины в соответствии с рабочим учебным планом специальности, а также на основе исследования магистранта современных достижений социально-педагогической науки. Исследование проведено под руководством научного руководителя.

Целью курса является формирование системного знания, ориентированного на результат, и знаний о компетентном подходе. Будущие социальные педагоги также в рамках освоения курса должны овладеть их будущими профессиональными компетенциями.

В ходе изучения программы этого курса авторы пытались акцентировать внимание будущих студентов на осознании и проектировании траектории и структуры знаний, рекомендовали научную литературу современного уровня развития методологии социально-педагогической работы.

Дидактические принципы проектирования образовательной программы элективного курса – принцип научности, связи теории с практикой, последовательности, систематичности и др. Методические принципы проектирования – личностной ориентированности, компетентного подхода, важности самостоятельности, самосознания и самоорганизации обучения студентов и др.

Содержание курса было экспертировано практикующими социальными педагогами. Эксперты особо акцентировали внимание на необходимости формирования коммуникативной компетенции у социального педагога, умения взаимодействовать с родителями школьников, искать пути социальной помощи и поддержки социально малообеспеченным семьям и детям.

Структура статьи включает: введение, «Содержание подготовки социального педагога», «Практика экспертного опроса социальных педагогов», заключение.

Ключевые слова: компетенции, профессиональные компетенции, педагог, проектирование образовательных программ, социальная подготовка, профессиональная подготовка.

Кіріспе

Еліміз нәтижеге бағдарланған білім беруге көшті. Нәтижеге бағдарланған білім дегеніміз – жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру. Білім берудің басты мақсаты тек білім, білік, дағдыларға қол жеткізу емес, қажетті ақпаратты өздігінен ала білу, соның арқасында өзгермелі қоғамға сай өмір сүру болып табылады. Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін кейбір нәтижелерге тоқталайық. Олар білім алушыларды өз бетінше талдауға, өз қызметіне мақсат қоюға, жоспарлауға, жинақтауға, қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге, сыни тұрғыдан шешім қабылдауға, қарым-қатынас диалогына қатысуға, баламалы өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі түсінуге, ақпаратты сұрақ қоя отырып жауап алуға, нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға және өз білімін өзгермелі жағдайда қолдана білуге үйрету.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген [1]. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Әлеуметтік педагогты даярлау мазмұны

Қазіргі кезде қоғамды дамыту мен қайта құруда психологиялық-педагогикалық теория мен практиканың рөлі жоғары бағаланып отыр. Әлеуметтік педагог даярлау мазмұнын жобалаудың белгілі бір мақсаты бар екені белгілі:

білім мазмұнын болашақ маманның кәсіби қызметіне қажетті мазмұнмен толықтыру. Оның келесі құрамдас бөліктері бар: мотивациялық, мазмұндық, технологиялық. Біз әлеуметтік педагог даярлау мазмұнын жобалауда төмендегі кезеңдерге басты назар аударамыз.

Бірінші кезең оқу пәндерінің мазмұнын тандау, В. Краевскийдің пайымдауынша, білім мазмұны педагогикалық категория, ол қоғам қалыптастырып отырған әлеуметтік тапсырысты педагогика "тіліне" аударады [2].

Екінші кезең мақсатты тұжырымдау кезеңі, бұл кезеңде әлеуметтік педагог даярлау нәтижесі шығады. Ол диагностикалық деңгейде жүзеге асырылады. Бұл кезеңде педагогтар болашақ әлеуметтік педагогқа қандай қасиеттер қажет болатындығы анықталады.

Соған сәйкес болашақ әлеуметтік педагог даярлау мазмұнын жобалауда практикалық даярлықты күшейту керек, оқытудың белсенді әдістері мен формаларына көшу қажет. Ол болашақ әлеуметтік педагог жұмысына қажетті құзыреттілігін қалыптастыра отырып, дамыта түсетін болады. Оқу үдерісін белсендендіру үшін фронталды, ұжымдық, топтық, сонымен қатар дидактикалық, коммуникативтік жағдаяттарды қолдану керек, ол болашақ әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлауда қойылатын кәсіби міндеттерін жүзеге асыруда қажет.

Үшінші кезең оқу материалдарын құрылымдау, ірі дидактикалық бірліктер ретіндегі, бөлімдер мен тараулар, модульдер мен тақырыптарды іріктеу арқылы білім мазмұнын жасау.

Сонымен, құзыреттілік тұғыр негізінде әлеуметтік педагог даярлау мазмұнын жобалау дегеніміз – қалыптастырылатын құзыреттіліктер мәнінен туындайтын талаптарды есепке ала отырып бейіндік пәндердің мазмұнын жобалау, модельдеу, құрастыру үдерісі.

Тәжірибе барысында құзыреттілік тұғыр негізінде болашақ әлеуметтік педагог даярлауда оқыту әдістеріне тоқталуды жөн көрдік.

Алдымен, нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдаяттардың сараптама жасау әдісі, бұл әдіс бойынша ауызша, жазбаша немесе бейне ма-

териалдар негізінде әлеуметтік педагогикалық жағдаяттарды талқылау арқылы олардың мақсаты ретінде мәселені айқындап, себебін анықтап, оларды шешудің жолдары қарастырылады.

Педагогикалық және зерттеу тәжірибесі барысында кеңінен қолданылған әдістердің бірі – ойын әдістері. Бұл әдістерге іскерлік ойындар, сюжеттік рөлдік ойындар, зияткерлік ойындар, миға шабуыл, т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндағы іскерлік ойындар болашақ әлеуметтік педагогтің болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға беріп, практикалық іс-әрекет барысында туындаған түрлі мәселелердің шешімін таба білуге жаттықтырады. Ал сюжеттік-рөлдік ойындардың көмегімен болашақ әлеуметтік педагогтің шығармашылық ойлауы мен ұжымдық өзара қарым-қатынас жасау қабілеттері дамиды. Олар өзара иерархиялық түрде бағынады немесе басқарады. Келесі ойын түрі зияткерлік ойындар болашақ әлеуметтік педагогтің ойлау операциясын дамытады, зияткерлік қабілеттерін дамытады, өзіндік бағалауын жақсартады.

Миға шабуыл әдісі пікірталас пен диалог мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ аталмыш әдіс тұлғаның төзімділік, басқа көзқарастарға құрмет көрсету, мақсатқа ұмтылушылық, тапқырлық сияқты қасиеттерді дамытады. Диалог мәдениетіне үйрету студенттің танымдық мотивациясын арттырады, өздігінен ойлау қабілетін жақсарта түседі. Бірқатар ғалымдардың пайымдауынша, өздігінен ойлау адамның ішкі жан дүниесінің диалогы болып табылады. Ол сыртқы ортамен диалогқа түскен жағдайда тілдік қарым-қатынас жасау барысында әртүрлі формадағы белсенді қарым-қатынас жасау тәжірисінде қалыптасып дамиды [3].

Зерттеу барысында "Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану" мамандығының студенттеріне құзыреттілік тұғыр негізінде білім беру мазмұнының әдістемесі құрастырылды. Бұл әдістеме "Әлеуметтік педагог даярлау мазмұны: құзыреттілік тұғыр аспектісі" атты арнайы курс негізінде даярланды. Бұл ОӘК мамандық бойынша мемлекеттік білім беру стандартына және типтік бағдарлама мазмұнына сай жазылды. Оқу-әдістемелік кешен таңдау пәніне арналып, оқу-әдістемелік кешен кредиттік жүйеге сәйкес «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығына арналып жасалды.

Курстың мақсаты – студенттердің нәтижеге бағытталған білім және құзыреттілік тұғыр ту-

ралы білімдерін жүйелі қалыптастыру, олардың болашақтағы кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруін ұйымдастыру. Ал міндеттеріне студенттерде нәтижеге бағытталған білім ұғымының мәні, құзыреттіліктер туралы бірыңғай түсінік қалыптастыру; оларды құзыреттіліктер түрлері білімдермен қаруландыру; студенттерге білім беру мазмұнын (білім беру мазмұны тұжырымдамасы, білім беру бағдарламалары, оқу жоспарлары таныстыру жатқызылды. Арнайы курсқа бөлінген жалпы сағат саны 45 сағат (1 кредит), оның ішінде дәріс 15, семинар 15, СӨЖ және бақылау жұмысы 15 сағатты құрайды.

"Әлеуметтік педагогті даярлау мазмұны: құзыреттілік тұғыр аспектісі» атты элективті курстың мазмұны болашақ әлеуметтік педагог даярлау мазмұнын жобалауға негізделгендіктен, біздің зерттеу міндеттерімізді тікелей жүзеге асыруға бағытталып отыр. Пәннің мазмұнына енетін сұрақтар:

1. "Әлеуметтік педагогті даярлау мазмұны: құзыреттілік тұғыр аспектісі» атты элективті курсына кіріспе: пәні, негізгі міндеттері, құрылымы, негізгі оқу әдебиеті және білім алушыларға әдістемелік ұсыныстар.

2. «Нәтижеге бағдарланған білім», «құзыреттілік тұғыр» ұғымдары туралы түсінік.

3. Болашақ әлеуметтік педагог даярлаудағы нәтижеге бағдарланған білім.

4. Нәтижеге бағдарланған құзыретті әлеуметтік педагог даярлауда берілетін білімдердің теориялық-әдіснамалық аспектілері.

5. Болашақ әлеуметтік педагог даярлауға қажетті құзыреттіліктерді меңгерту кезеңдері.

6. Білім беру бағдарламалары және оларды жүзеге асыру.

7. Әлеуметтік педагогиканың жағымды дамуын қамтамасыз етудің шарттары.

8. Кәсіби құзыреттіліктер шеңберіндегі қалыптастырушы құзыреттіліктерге сипаттама.

9. Нәтижеге бағдарланған білім мазмұны тұжырымдамасын жобалау.

10. Құзыреттілік тұғыр негізінде болашақ әлеуметтік педагог даярлау аясында білім беру бағдарламалары мазмұнын жобалау.

Курс бағдарламасын құру барысында біз әлеуметтік педагогика саласында және жалпы педагогика ғылымындағы құзыреттілік тұғырда білім мазмұнын жобалау бағдарында жазылған әлемдік және отандық ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, оқытушы жетекшілігімен

студенттің өзіндік білім траекториясын жасауына мүмкіндік береміз [4,5,6,7,8].

Зерттеу нәтижесінде, біз әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындығы оның нақтылы жағдайда және белгілі бір объектіге байланысты, әлеуметтік-педагогикалық қызметте өзін-өзі танытуға деген ішкі дайындығымен анықталатындығына көз жеткіземіз. Сондай-ақ, курсты меңгеру нәтижесінде студенттерде қалыптасатын дағдылар:

- нәтижеге бағдарланған білім мазмұнының тұжырымдамасын негіздей алу;

- нәтижеге бағдарланған білім мазмұнын ұйымдастыра алу;

- нәтижеге бағдарланған білім мазмұны нәтижелерін рәсімдей алу;

- адамдардың топтардың түрлі санаттарымен кәсіби жұмыста ақпарат пайдалана алу;

- әлеуметтік педагогика саласындағы маман ретінде өз білімдерін дәстүрлі емес жағдайда шығармашылықпен пайдалана алу.

Студенттердің өздігінен жасайтын жұмыстарын төмендегідей ұйымдастыруға болады:

«Нәтижеге бағдарланған білім», «Құзыреттілік тұғыр» ұғымдарының арақатынасы» тақырыбында тірек- конспектісін жасау;

"Әлеуметтік педагогті даярлау мазмұны: құзыреттілік тұғыр аспектісі» элективті пәнінің өзектілігін эссе түрінде жазу;

«Мен – әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің субъектісімін» тақырыбында баяндама дайындау;

«Құзыреттілік тұғыр негізінде болашақ әлеуметтік педагог даярлау алгоритмі» атты сызба дайындап, өз тұғырын негіздеу;

«Болашақ әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту» тақырыбында реферат даярлау;

«Құзыретті әлеуметтік педагогтің жұмыс жүйесі» тақырыбында эссе жазу;

«Болашақ әлеуметтік педагогқа кәсіби білім беру мазмұны» тақырыбында сызба дайындау;

«Құзыретті әлеуметтік педагогтің портфолиосына» материал жинақтаған жұмысын бағалап, өз пікірін беру.

Название (Практика экспертного опроса социальных педагогов)

Зерттеу практикасы барысында біз Алматы қаласындағы №178 лицейдің әлеуметтік педагог қызметін атқарушы М. Шайдильдина, №126 мектеп-лицейдің әлеуметтік педагогі Ә. Айымовамен сұқбаттасып, олардың жұмыс-

тарының мазмұнымен танысты. Осы білім беру мекемелерінде үстіміздегі жылдың қаңтар, ақпан айларында "Қамқорлық акциясы" өтетіндігі жөнінде хабардар болдық. Нақты әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың құжаттары жинақталған папкалармен таныстық. Мәселен, №178 лицейде барлығы 31 оқушы әлеуметтік көмекке мұқтаждар тізіміне енеді. Осылардың 50% жуығының қалалық тіркеуге алынбағандығынан және де олардың ата-анасының қажетті құжаттар жинауға мүмкіндіктерінің болмауы, олардың уақыттарының аздығы, т.б. себептерінен әлеуметтік көмек көрсетілмейтіндігі жайлы баяндады. Әлеуметтік педагог қызметі сынып жетекшілерімен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы өтетіндігі белгілі болды. Жалпы алғанда, әлеуметтік педагог қызметінің негізгі функциясы әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасынан шыққан балаларды есепке алып, мемлекет тарапынан, жеке демеушілер тарапынан болсын алынған материалдық қаржыны әлеуметтік көмекке мұқтаж балалар санына тең бөліп, оларды материалдық қамқорлыққа алуы, бір мезгіл тегін тамақпен қамтамасыз ететіндігімен шектелетініне көз жеткіздік.

Қорытынды

Бүгінгі күні әлеуметтік педагогика өзінің әлеуметтік статусын сақтай отырып, әлеуметтік пәндер қатарынан елеулі орын алудың қиын кезеңін басынан өткізіп отыр. Болашақта әлеуметтік педагог мамандығына қызығушылық арттары сөзсіз, адамның тұтас биологиялық, психикалық, әлеуметтік және рухани табиғатын есепке ала отырып, тұрғындардың әртүрлі категорияларымен жұмыс жасауға жинақталған тәжірибесін қолдануға мүмкіндік туары күмәнсіз. Адамның әлеуметтік базалық мәнінің бірдей болғанына қарамастан, әрбір жеке тұлға өзінің жеке мінез-құлық ерекшеліктерімен, оқытылу және тәрбиелену деңгейлерінің әртүрлілігі әлеуметтік педагогтардың жоғары кәсіби құзыреттіліктері дамуының жоғары деңгейін көрсетеді.

Қорыта келгенде, жоғары оқу орны қабырғасында жүріп жинақтаған білім, білік, дағды және құзыреттіліктерін әлеуметтік педагог өз тәжірибесі барысында қолданса, қоғамымыздағы орын алып отырған бірқатар мәселелер өз шешімін табады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

- 1 Білім туралы. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы. ҚР білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – 216 б.
- 2 Краевский В.В., Бережнова Е.В. Методология педагогики. Новый этап: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Академия, 2006. – 400 с.
- 3 Большаков В.Ю. Психотренинг. Социодинамика. Игры. Упражнения. Служба доверия, 1994.
- 4 Кайдарова А.Д. Логика исследования проблем становления и генезиса развития содержания высшего педагогического образования: учебно-методическое пособие. – Алматы, 2005. – 56 с.
- 5 Липский И.А. Социальная педагогика. Методологический анализ: учебное пособие. – М.: ТЦ СФЕРА, 2004. – 320 с.
- 6 Компетентностный подход к формированию содержания образования: монография / Ермаков Д.С., Иванова Е.О., Осмоловская И.М., Рязанова Д.В., Шалыгина И.В. /под ред. И.М. Осмоловской. – М., 2007. – 210 с.
- 7 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: пер. с англ. – М.: Когито-центр, 2002. – 212 с.
- 8 Паршина Г.Н., Мынбаева А.К. Международные дескрипторы и компетентностный подход в проектировании образовательных программ // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2011. – №2 (33). – С. 3-10.

Reference

- 1 The Law of Education of RK. July, 27, 2007 №319-III Law of Education. – Almaty: JURIST, 2008. – 216 p.
- 2 Kravevski V., Berezhnova E. The Methodology of Teaching. A new stage: a textbook for students of higher educational institutions. – Moscow: Academy, 2006. – 400 p.
- 3 Bolshakov V.Y. Psychotraining. Sociodynamics. Game. Exercises. Crisis Centre, 1994.
- 4 Kaidarova A.D. The Logic of the Study Concerns the Formation and Development of the content of the Genesis of Higher Pedagogical Education: Training Manual. – Almaty, 2005. – 56 p.
- 5 Lipsky I.A. Social pedagogy. Methodological Analysis: Textbook. – М.: TC SPHERE, 2004. – 320 p.
- 6 Competence-based approach to the formation of educational content: monograph / Ermakov D.S., Ivanova E.O., Osmolovskaya I.M., Ryazanov D.V., Shalygina I.V. - Ed. Osmolovskaya I.M. – М., 2007. – 210 p.
- 7 Raven Dz. Competency in modern society: translation from English. – Moscow: Cogito Center, 2002. – 212 p.
- 8 Parshina G.N., Mynbayeva A.K. International descriptory and competency approach in the design of educational programs // Vestnik of the KazNU. Series of «Jurisprudence». – 2011. – № 2 (33). – P. 3-10.